

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТЫҚ ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 36 (9354) | 1954 жылғы 16 февраль Сейсенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Партия оқуына күнбе-күн және нақтылы басшылық жасалсын

Коммунистік партия коммунистердің, барлық кадрларымыздың идеялық-теориялық дәрежесін арттыру ісіне әрқашан зор көңіл бөліп келеді. Кәзіргі жағдайда шаруашылық және мәдени құрылыс саласына басшылық ету ісін үзбейтін біздің кадрларымыздан революциялық теорияны, қоғамның даму заңдарын терең білуді, оны күнделікті практикалық жұмыста пайдалана білуді талап етеді.

СОБП Орталық Комитетінің нұсқауларына басшылыққа ала отырып, облыс партия ұйымы соңғы кезде коммунистердің марксистік-лениндік білімдерін арттыру мәселесімен белсене шұғылданатын болды. Партия оқуы жүзесінде Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихын үйрену көңілінен өріспеді, СОБП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысы, және партия мен үкметіміздің мұнан кейінгі ауыл шаруашылығын, совет сауда-сын өркендету, халық тұтынатын өнеркәсіп және азық-түлік товарлары өндірісін ұлғайту жөніндегі қаулыларында қойылған міндеттерді түсіндіру жөнінде көп жұмыстар жүргізілді.

Алайда, партиялық насихатты ұйымдастыруда және оның мазмұнында әлі де елеулі кемшіліктер бар. Ауызша сондай-ақ жазбасөз жүзіндегі насихатта теорияны үйренудің, марксизм-ленинизмнің рухына жат, жаттаушылық, дүмшелік көзқарастары, цитатқа өуестенушілік осы күнге дейін жойылмай келеді. Кейбір теориялық қағидалар көбінесе нақтылы тарихи жағдайдан бөлек алынып, Коммунистік партияның ұйымдастыру және басшылық ролі көрсетілмей байдалады. Бірқатар саяси мектептер мен үйірмелерде оқудың идеялық-теориялық дәрежесі төмен болып өтеді, тыңдаушыларды мүлде қанағаттандырмайды.

Мәселен облыстық кәсіпшілік Советінің партия ұйымы жанындағы үйірменің жетекшісі Сидоров жолдас СОБП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының тарихи қаулысына үйренуге арналған сабақта облыс колхоздарының, совхоздары мен МТС-терінің міндеттері туралы тыңдаушыларға ештеңе айтпады. Мұндай мысалдар көп-көп саяқ емес. Сондай-ақ, Молотов ауданының бірқатар ұжымдарында да осындай кемшіліктер бар.

Насихатшылардың оқуының маңызды бір түрі қалалық және аудандық партия комитеттерінің жанындағы тұрақты семинарлар болып табылады. Бұл семинарларда насихатшылар өздерінің теориялық білімдері мен методикалық шеберліктерін арттырады, партиялық насихаттың іс-жұмысына үйренеді. Ленин ауданында насихатшылардың семинары өткен жылға қарағанда быыл анағұрлым жақсы ұйымдастырылып отыр. Мұнда семинар сабақтары насихатшылардың белсене қатысуымен өтеді, теориялық және методикалық мәселелер творчестволық жолмен талқыланады. Жұмыс тәжірибелерімен ауысу практикасы көңілінен өріспеген.

Сонымен қатар кейбір аудандық партия комитеттері насихатшылардың мұндай өзін ақтаған оқу түрін әлі де жете бағаламайды. Семинарлар оқу-тәртібіне ғана өтеді. Соның өзінде оның идеялық-теориялық дәрежесі төмен болады. Сондықтан Преснов және Полудень аудандарында насихатшылардың семинарларға қатысуы төмен болуына, тіпті кейде 40—50 проценттен аспауына тандануға болмайды. Оқу жылы басталғаннан бері аталған аудандық партия комитеттері насихатшылардың семинарларын небары екі-ақ рет өткізді. Онда теорияның және методиканың негізгі мәселелерін творчестволық жолмен талқылау ұйымдастырылмады. Насихатшылардың семинарларын өткізудегі мұндай жарамсыз практика жаттаушылық пен догмашылықты жоюға жағдай жасамайды, қайта оны туғызады және насихатшыларды өздерінің жұмысына творчестволықпен қарауға бауламайды.

Қалалық және аудандық партия комитеттерінің жанындағы семинарлардың творчестволықпен жұмыс істеуіне жетісу қажет. Семинардың негізгі мазмұны марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын, партия мен үкметтің қарарларын үйрену, теория мен методикалық мәселелерді талқылау, насихат жұмысының тәжірибелерімен ауысу болуға тиіс. Сондай-ақ, семинарларда партия және совет қызметкерлерінің, өнеркәсіп пен ауылшаруашылық саласындағы мамандардың лекциялары мен баяндамаларын

Коммунистік партия көп ұлтты социалистік мемлекетіміздің қуаттылығы мен жеңілмейтін күшінің негізі—халықтар достығын бұдан былайда тынбастан нығайта беруді өзінің қасиетті міндеті деп біледі.

(СОКП Орталық Комитетінің Үндеуінен).

Қытай Халық Республикасының Орталық Халық Үкметінің Председателі МАО ЦЗЭ-ДУН жолдасқа

ПЕКИН.

Достық, одақ және өзара көмек туралы совет-қытай договорына қол қойылуының төрт жылдығына байланысты, Председатель жолдас, Сізден менің шын жүректен құттықтаған сәлемімді қабыл алуыңызды сұраймын.

Бұл договор Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасының халықтары арасындағы жан-жақты саяси, экономикалық және мәдени ынтымақ үшін мызғымас негіз болып табылады.

Қытай Халық Республикасы мен Советтік Социалистік Республикалар Одағы

Советтік Социалистік Республикалар Одағының Министрлер Советінің Председателі Г. М. МАЛЕНКОВ жолдасқа

Қытай Халық Республикасы мен Советтік Социалистік Республикалар Одағы арасындағы достық, одақ және өзара көмек туралы договорға қол қойылуының төрт жылдығына байланысты, Председатель жолдас, Сізден менің шын жүректен алғыс айтып, қызу құттықтаған сәлемімді қабыл алуыңызды сұраймын.

Қытай Халық Республикасы мен Совет Одағы арасындағы ұлы одақтың Қыбыр Шығыста және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз етудің сенімді тірегі болып табылатынын өткен төрт жылдың оқыйғалары барған сайын айқын дәлелдеп келеді, Совет Одағының үкметі мен халқының Қытайға көрсетіп отырған шыншпейлді және қалтқысыз көмегінің Қытайды со-

арасындағы нығайып отырған мызғымас достық бұдан былай да бейбітшілікті сақтаудың және барлық елдер халықтарының хауіпсіздігін қамтамасыз етудің қуатты факторы бола береді.

Ұлы қытай халқының халықтық-демократиялық құрылысын өркендетіп, нығайтуда онан әрі табыстарға жетуін тілеймін.

Г. МАЛЕНКОВ.

циалистік жолмен индустрияландыру және оның социализмге бірте-бірте өтуі үшін, сонымен қатар Совет Одағы бастап отырған бейбітшілік пен демократия лагерінің күштерін арттыру үшін өте зор маңызы бар.

Қытай Халық Республикасы мен Совет Одағының халықтары арасындағы ұлы достық пен бірліктің үздіксіз өркендеп, нығая беруін тілеймін.

МАО ЦЗЭ-ДУН.

11 февраль, 1954 жыл.
Пекин.

Қытай Халық Республикасының Орталық Халық Үкметінің Мемлекеттік Әкімшілік Советінің Премьері және Сыртқы Істер Министрі ЧЖОУ ЭНЬ-ЛАЙ жолдасқа

ПЕКИН.

Достық, одақ және өзара көмек туралы совет-қытай договорына қол қойылуының төрт жылдығы күні Сізге жалынды сәлем жолдап, совет және қытай халықтары арасындағы ұлы достық пен ынтымақтың жалғая бірдей бейбітшілік

мүдделері үшін онан әрі нығая беруіне тілектестік білдіремін.

В. МОЛОТОВ.

Советтік Социалистік Республикалар Одағының Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары және Сыртқы Істер Министрі В. М. МОЛОТОВ жолдасқа

Қытай Халық Республикасы мен Советтік Социалистік Республикалар Одағы арасындағы достық, одақ және өзара көмек туралы договорға қол қойылуының төрт жылдығына байланысты, Сізден менің шын жүректен құттықтаған сәлемімді қабыл алуыңызды сұраймын.

Біздің екі ұлы державамыз — Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасы

арасындағы туысқандық тығыз достық пен жан-жақты ынтымақтың онан әрі нығайып, өркендей беруін тілеймін.

ЧЖОУ ЭНЬ-ЛАЙ.

11 февраль, 1954 жыл.
Пекин.

Кәсіпшілер Одағының Бүкілодақтық Орталық Советінің Кәсіподақтардың барлық мүшелеріне, барлық жұмысшылар мен жұмысшы әйелдерге, инженерлер мен техниктерге, ауыл шаруашылығының қызметкерлеріне, ғылым мен мәдениет қызметкерлеріне, совет мекемелерінің қызметшілеріне

У Н П Е В І

үйірмелерінде сабақтар үстірт өтіп келеді.

Фактілер мынаны айтады: қалалық партия комитеті және біраз аудандық партия комитеттері оқу жылы басталғаннан кейін партиялық-насихат мәселелеріне өздерінің назарын аударып, облыстың кейбір партия ұйымдары коммунистерді мектептер мен үйірмелерге жаппай «қамтумен» әуестеніп, ең басты және қажетті мәселені — партия оқуының жоғарғы идеялық мазмұнын қамтамасыз етуді ұмытады. Полудень, Булаев аудандық партия комитеттері партия оқуына басшылықты саяси мектептер мен үйірмелердің, семинарлардың, аудандық кешкі партия мектептерінің жұмыстарына оқатекте ғана, кездейсоқ араласумен тындырып келеді. Мұндай үстірт қараушылықтың салдарынан саяси мектептер мен үйірмелердің және семинарлардың жұмысындағы кемшіліктер кезінде ашылмайды және ол кемшіліктерді жою жөнінде шара ұқалданып келеді.

Саяси мектептер мен үйірмелерде сабақтың идеялық-теориялық мазмұны ең алдымен насихатшылардың құрамына, олардың даярлығына байланысты. Коммунистердің маркстік-лениндік оқуына нақтылы басшылық жасау — бұл ең алдымен революциялық теорияны насихаттауды марксистік-ленинизмді терең білетін адамдардың жүргізуіне, олардың өздерінің білдірері үнемі толықтырып, методикалық шеберліктерін жетілдіре берулеріне қамқорлық жасау деген сөз. Облыс партия ұйымы үстемізіндегі оқу жылы насихатшыларды іріктен алу жөнінде бірқатар жұмыс істеп, бұл жұмысқа жеткілікті теориялық даярлығы бар және насихат жұмысынан тәжірибелері мол көптеген коммунистерді жоғарылатты.

Дегенмен кейбір партия комитеттері насихатшы кадрларын іріктен алуға әлі де елеулі кемшіліктерге жол беріп, саяси мектептер мен үйірмелерге басшылықты даярлығы кем және тәжірибесі жоқ адамдарға тапсырады. Текқана Октябрь ауданында 7 насихатшының орта дәрежелі білімі жоқ, шынында ауданда даярлығы мол коммунистер көптеп саналады.

Марксистік-ленинизмді үйренудегі маңызды әдістердің бірі партия мүшелерінің тәжірибесінде әбден сыналған әдіс — өздігінен оқып үйрену әдісі болып табылады. Қалалық және аудандық партия комитеттері, сондай-ақ бастауыш партия ұйымдары көп реттерде партиямыздың тарихын өздігінен үйренуші коммунистердің оқуына нақтылы басшылық жасап, көмек көрсетудің орнына, тек олардан жеке оқу жоспарларын жасауды талап етеді. Бұлай қарау коммунистердің өздігінен оқуына бюрократтық, төрешілік көзқарас болып табылады.

Өздігінен үйренуші коммунистерге көмек көрсету үшін партия комитеттері жаһындағы кітапханаларда консультанттар тобын ұйымдастыру жөн. Бұл топтың мүшелері бастауыш партия ұйымдарында жиі болып, теорияны өздігінен үйренушілерге көмек көрсетуге тиіс. Марксистік-ленинизмді өздігінен үйренуші коммунистерге теориялық және методикалық көмек көрсетудің негізгі түрі ретінде лекцияны және консультацияны кеңінен өрістетуге керек.

Басшы кадрларға, интеллигенцияға арналған семинарлардың, кешкі университет пен кешкі партия мектептерінің жұмыстары әлі де қанағаттанғысыз. Соколов және Петропавл аудандарында колхоз председателдері, бастауыш партия ұйымдарының секретарлары және селолық Совет атқомдерінің председателдері кешкі партия мектептеріне қамтылмай қалған деуге болады.

Партия оқуына нақтылы басшылық жасау — мектептерде, үйірмелерде және семинарларда сабақтардың мазмұнына жете назар аударып, коммунистердің ежелгі идеялық талабын еске алу және насихат жұмысын осыған сәйкес келуі деген сөз. Коммунистердің теориялық білімдері мен тілектерін еске алмай, оларды үйірмелер мен мектептерге жаппай қамту практикасын жою қажет.

Облыс партия ұйымдарының міндеті — коммунистердің маркстік-лениндік оқуына басшылығын шұғыл жақсарту, партия оқуының дәрежесін одан әрі арттыру болып табылады.

Жолдастар!

1954 жылы 14 мартта ұлы социалистік Отанымыздың барлық еңбекшілері Советтік Социалистік Республикалар Одағының Жоғарғы Советіне өздерінің депутаттарын сайлайды.

Бұл сайлау жаңа саяси және еңбек өрлеуі жағдайында, Советтік мемлекетімізді онан әрі гүлдендіру жолындағы, халық шаруашылығының барлық салаларын жаңадан мықтап өркендету жолындағы, еңбекшілердің материалдық және мәдени дәрежесін едәуір арттыру жолындағы бүкілхалықтық күрес ұранымен өтеді. Совет халқы Коммунистік партияның сыннан өткен басшылығымен коммунизм құрылысында жаңа жеңістерге қарай сеніммен алға басып келеді.

ССРО Жоғарғы Советінің алдағы сайлауында, өткен сайлаулардағы сыяқты, совет кәсіпшілік одақтары, еңбекшілердің барлық ұйымдары мен қоғамдары, партияда жоқ жұмысшылар, колхозшылар және интеллигенция Совет Одағының Ұлы Коммунистік партиясымен тығыз одақ, біртұтас блок болып қатысады.

Кәсіпшілік одақтарының Бүкілодақтық Орталық Советі кәсіпшілік одақтарының барлық мүшелерін — жұмысшылар мен жұмысшы әйелдерді, инженерлер мен техниктерді, ауыл шаруашылығы қызметкерлерін, ғылым мен мәдениет, әдебиет пен искусство қайраткерлерін, совет мекемелерінің қызметшілерін ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына бірауыздан қатысуға және коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттарына дауыс беруге шақырады.

Коммунистік партияның социалистік Отанды онан әрі гүлдендіруге, жұмысшылардың, колхозшылардың, интеллигенцияның, барлық совет адамдарының материалдық әл-ауқатын үздіксіз жақсарту беруге қамқорлық істеуден басқа қамқорлығы жоқ екендігін әрбір совет адамы біледі.

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен Совет Үкметінің 2—3 жылдың ішінде ауыл шаруашылығын, көпшілік тұрғынатын товарлар өндіруді шұғыл өркендетуге және совет саудасын өркендетуге бағытталған, кәзіргі кезде жүргізіп отырған шаралары еңбекшілердің үнемі өсіп отырған материалдық және мәдениет қызығарлығын молынан қанағаттандыру мақсатын көздейді.

Коммунистік партия мен Совет Үкметінің осы документтерде бейнеленген саясаты совет экономикасының дамуындағы жаңа кезеңді белгілейді. Кәзір ауыр индустрияны жедел қарқынмен өркендетумен бірге, еңбекшілердің қажеттерін тікелей өтейтін халық шаруашылығы салаларын шұғыл өркендету жүзеге асырылуға.

Партия мен үкмет белгілеген міндеттердің ойдағыдай орындалуы біздің Отанымыздың күш-қуатын онан әрі нығайтуға, социалистік құрылыстың мызғымас негіздері — жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың одағын бұрыңғыдан да терең нығайтуға, совет қоғамының моральдық-саяси бірлігін онан әрі нығайта беруге көмектеседі.

Коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттарына дауыс бере отырып, біз социалистік өнеркәсіміздің онан әрі гүлденуі және ауыл шаруашылығымыздың қуатты өркендеуі үшін, коммунизм құрылысында жаңа табыстарға жету үшін дауыс береміз.

Совет халқы Коммунистік партияның басшылығымен өрасан зор қыйыншылықтарды жеңе отырып, халық шаруашылығына соғыс салған ауыр жарақаттарды ең қысқа мерзім ішінде жазды. Біздің еліміздің халық шаруашылығын бұдан былай да жаңадан мықтап өркендету үшін зор мүмкіншіліктері мен резервтері бар. Бірақ, бұлар әлі де толық пайдаланып келеді. Жеке кәсіпорындар өндірістік жоспарларды әлі де болса орындай алмай келеді, жабдықтарды нашар пайдаланады, еңбек өнімділігін арттырулары баяу, шикізат, отын, электр қуаттары рәсуа етіліп жұмсалады, олардың шығарған өнімдерінің сапасы көп жағдайларда төмен, өзіндік құны жоғары болады, ғылым, техника және озат тәжірибе берген жаңа және прогрестік істің бәрі көбінесе баяу меңгеріледі. Сын және өзара сынды бағы өрістетуге арқылы кемшіліктерді қажырлылықпен жою, өнеркәсіптегі, транспорттағы, ауыл шаруашылығындағы барлық мүмкіншіліктер мен резервтерді толық пайдалану жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуге коммунизм құрылысы жолымен алға басуымызды бұрыңғыдан да тездетуге түседі.

Кәсіпшілер Одақтарының Бүкілодақтық Орталық Советі барлық еңбекшілердің ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын шаруашылық жоспарларды орындау және асыра орындау жолындағы еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің өзіндік құнын көмігу және өнім сапасын арттыру жолындағы, өнім шығаруды едәуір арттыра түсу үшін өндірістің мүмкіндіктері мен резервтерін барынша толық пайдалану жолындағы социалистік жарысты жаңадан өркендетумен қарсы алатындығына берік сенеді. Социалистік жарыс мейлінше кеңінен өркендеген сайын, әрбір совет адамның еңбектегі белсенділігі және творчестволық инициативасы жоғары болған сайын біздің шаруашылық және мәдениет құрылысы жоспарлары да соншалықты ойдағыдай орындалады, барлық совет адамдарының әл-ауқат дәрежесі соншалықты тез арта түседі.

Біздің Совет Үкметіміз денсаулық сақтауды және әлеуметтік қамсыздандыруды дамыту ісіне қаржыны аямай жұмсайды. Еліміздің барлық еңбекшілері тегін

медициналық көмекпен пайдаланады және жыл сайын мемлекет есебінен демалыс алады. Миллиондаған жұмысшылар мен қызметшілер санаторийлер мен демалыс үйлеріне тегін және жеңілдіктер арқылы путевкалар алады. Демалыс үйлері мен санаторийлердің саны жылдан-жылға көбейіп келеді. Балалар бақшаларына, яслилерге, пионерлер лагерлеріне, науқастарға, соғыс және еңбек мүгедектеріне, көп балалы аналарға жәрдем беруге, сол сыяқты, тұрғын үй құрылыстарына көптеген қаржы жұмсалады. Тек соғыстан кейінгі жылдардың өзінде ғана қалалар мен жұмысшы поселкелерінде жалпы көлемі 183 миллион шаршыметрден астам тұрғын үй салынып, селолық жерлерде 4 миллионнан аса тұрғын үйлер салынды. 1953 жылы пәтер үй құрылыстарына мемлекет тарапынан жұмсалған күрделі қаржы 1952 жылдағыдан 25 проценттей артты және 1940 жылы осы мақсаттарға жұмсалған қаражаттан 4 еседі дерлік артық болды. Бірақ, бұл істелген іс біздерді әлі қанағаттандыра алмайды, елімізде тұрғын үйлердің жеткіліксіздігі әлі де болса сезіліп отыр. Сондықтан партия мен үкмет пәтер үй құрылыстарын кеңінен өрістетуге. Оның көлемі жылдан-жылға үздіксіз артып келеді.

Соғыстан кейінгі құрылыс жылдарында, партия мен үкметтің қамқорлығы арқасында біздің елімізде өнеркәсіп және азық-түлік товарларының мемлекеттік бөлшек сауда бағасы 6 рет кемітілді. Мұның өзі еңбекшілердің материалдық әлауқатын едәуір арттырды.

Совет кәсіподақтары барлық еңбекшілерді коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттарына дауыс беруге шақырады. Біз осы блогтің кандидаттарына дауыс бере отырып, совет халқының материалдық әл-ауқатын мұнан былай да үздіксіз арттыра беру үшін, еңбек жағдайларын жаңадан жақсарту үшін, еңбекшілердің денсаулығын онан әрі нығайту үшін, тұрмыстың қамтамасыз етілуі үшін, біздің балаларымыздың бақыты үшін дауыс береміз.

Совет Одағы — ең озат ғылым мен мәдениет елі. Партия мен үкметтің күнбе-күнгі қамқорлығына бөленген біздің ғалымдарымыз ғылымды совет адамдарының игілігіне бағытталған жаңалықтар ашумен байытуда.

Коммунистік партия мен Совет Үкметі мәдениеттің барлық табыстары халыққа қызмет етуі үшін әрдайым қамқорлық жасап келеді. Елімізде көптеген мәдени-ағарту мекемелері — театрлар, клубтар, мәдениет сарайлары, кітапханалар, қызыл мүйістер, музейлер, кинотеатрлар ұйымдастырылды, бұларда жұмысшылар мен қызметшілер өздерінің идеялық-саяси дәрежесін арттыруда.

Коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттарына дауыс бере отырып, сайлаушылар совет ғылымы мен мәдениеттің жаңадан гүлденуі үшін дауыс береді.

Совет Одағы — көп ұлтты мемлекеттің үлгісі. Біздің еліміз ұлттық алауыздық пен өшпенділікті білмейді. Совет Одағының халықтары достық және бір-біріне сенім білдіру сезімімен мәңгі тығыз байланысты. Еліміздің халықтарының мызғымас достығы — Коммунистік партияның ұлы жеңісі, оның лениндік-сталиндік данышпандық ұлт саясатының нәтижесі. Совет кәсіподақтары жұмысшылар мен қызметшілерді пролетарлық интернационализм рухында тәрбиелей отырып, ССРО халықтарының достығын нығайта түседі.

Коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттары үшін дауыс бере отырып, біз ССРО халықтарының бұдан былай да мызғымас достығы үшін дауыс береміз.

Бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті сақтау және нығайту үшін, барлық халықтармен тату көршілік қатынасты дамыта беру және халықаралық экономикалық байланысты нығайту үшін күрес Коммунистік партия мен Совет мемлекеті дәйектілікпен жүргізіп отырған бейбітшілік саясатының айқын белгісі болып табылады. Совет кәсіподақтары партия мен үкметтің сыртқы саясатын қызу қолдайды.

Коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттары үшін дауыс бере отырып, еліміздің еңбекшілері бейбіт еңбек үшін, барлық елдер арасындағы тату көршілік қатынасты дамыту үшін, халықаралық экономикалық және мәдени байланысты онан әрі дамытып, нығайта беру үшін, Совет Одағы мен Ұлы Қытай Халық Республикасы, халықтық демократия елдері арасындағы өсіп, нығайып келе жатқан достық және өзара ынтымақтастығы үшін, бейбітшілік лагерінің онан әрі нығайуы үшін, бүкіл дүние жүзінде баянды бейбітшілік үшін дауыс береді.

Кәсіпшілер Одақтарының Бүкілодақтық Орталық Советі еліміздің барлық еңбекшілері — жұмысшылары, жұмысшы әйелдері, инженерлері және техниктері, ауыл шаруашылығының қызметкерлері, ғылым, әдебиет және искусство қайраткерлері, Совет мекемелерінің қызметшілері — 1954 жылы 14 мартта сайлауға тегіс келіп, коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттарына өздерінің дауыстарын береді деп берік сенім білдіреді.

Сайлаушы жолдастар! Коммунистер мен партияда жоқтардың мызғымас блогінің кандидаттарына дауыс бере отырып, Совет Одағының Коммунистік партиясының төңірегіне өзіміздің қатарымызды бұрыңғыдан да берік топтастырайық!

Барлығыңыз да сайлауға қатысыңыздар!

Лениннің — Сталиннің туы астында, Коммунистік партияның басшылығы мен коммунизмнің жеңісіне қарай алға баса берейік!

Кәсіпшілер Одақтарының Бүкілодақтық Орталық Советі.

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінде

Қазақстан ЛКЖО VII съезін шақыру туралы

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитеті 1954 жылғы 3 мартта Қазақстан ЛКЖО VII съезі шақырылсын деп қаулы алды.

(ҚазТАГ).

Колхоз өндірісі электр қуатымен жұмыс іспейді

ЖАМБЫЛ. (ҚазТАГ). Жамбыл ауданының Сталин атындағы ауылшаруашылық артелінің мастерскойында электр моторлары металл кесетін, ағаш өңдейтін станоктарды, ұста көріктерін жүргізіп тұрады. Мұнда токарлар, слесарьлар, ағаш шеберлері автомобильдердің, ауылшаруашылық машиналарының бөлшектерін, құрал саймандар жасайды, ескілерін қайта жанартады.

Колхозда шаруашылықтың барлық салалары электрлендірілген. Талас өзенінде салынған СЭС-тен тұқым қоймасына,

дирменге, тақтай тілетін орынға, мал фермаларына, егін басатын қырмандарға, товарлы-сүт фермасына электр қуаты берілді. Сыйыр сауатын механикалық аппараттар электр қуатымен жұмыс істейді, ол жемішөп тұрау және булау, мал базаларына су беру, сүттің қаймағын айыру жұмыстарында пайдаланылуға. Электр қуатын пайдалану есебінен колхозда 160-қа жуық адам басқа жұмысқа босатылды. Электр қуаты өткен жылы 47 мыңнан аса еңбек күн үнемдеуге мүмкіндік берді.

Коммунистер мен партияда жоқтардың біртұтас және мызғымас блогі жасасын!

Облыс еңбекшілері коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттарына біркiсiдей дауыс беруге ерік білдіруде

Шын жүректен қуаттаймыз

Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің барлық сайлаушыларға Үндеуі қаладағы Киров атындағы завод коллективінде зор қолдау тапты. Жұмыс уақыты біткеннен кейін заводтың жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері клубқа жыйналды. Бұл жыйналысты завод кәсіподақ ұйымының председателі А. Балашов жолдас ашты. Партия ұйымының секретары В. Кравцов жолдас жыйналғандарды Үндеудің текстімен таныстырды.

Мінбеді байқау цехының мастеры Г. Шершнев жолдас.

—СОКП Орталық Комитетінің барлық сайлаушыларға Үндеуін шын жүректен қуаттаймын. Сол сыяқты, сіздерді ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы —14 март күні коммунистер мен партияда жоқтардың жеңімпаз блогі ұсынған кандидаттарға бірауыздан дауыс беруге шақырамын. Еліміздің таңдаулы ұлдары мен қыздарына дауыс бере отырып біз социалистік Отанымыздың бұдан былай да гүлдене

беруі үшін, халқымыздың әл-ауқаты мен мәдени-тұрмысының жақсара беруі үшін, үкмет пен партияның қаулы қарарларының деркесінде жүзеге асырылуы үшін дауыс береміз.

—Біздің цехтың коллективі, —деді құрастыру-монтаж цехының жұмысшысы С. Шарафутдинова жолдас, — сайлау құрметіндегі социалистік жарысқа ұштасып, көтеріңкі міндеттемелер алды. Бұл күндері біз алған міндеттерімізді аброймен орындау жолында қажырлылықпен еңбек етудеміз. Коммунистік партия мен Совет Үкметі халқымыздың әл-ауқатын жақсарту үшін күнбе-күн туысқандық қамқорлық жасап келеді. Партия мен үкметтің бұл қамқорлығына цех бойынша тоқсандық жоспарды асыра орындау арқылы жауап береміз. Коллектив февраль айының жоспарын асыра орындауға, ал, сайлау күні —14 мартқа дейін март айы жоспарының 60 процентін орындауға міндеттенді.

Мол табыс үшін

Кәзіргі уақытта партиямыз бен үкметіміз ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөнінде МТС-тердің алдына жауапты міндет қойып отыр. Біздің бригаданың мүшелері бұл міндетті орындауға өткен жылы елеулі табыстарға ие болды. Бригадада тракторлардың жылдық жұмыс жоспары 123 процент орындалып, әрбір 15 аттық күші бар трактормен 723 гектар жер жұмысталды. 40 центнер жанар, жағар май үнемдеу есебінен, мемлекетке 1262 сом пайда келтірдік. Жер өндеудің сапасы жақсарып, егіншіліктің мәдениеті де артты. Бригада бойынша дөңді дақылдардың әрбір гектарынан 13,5 центнер, ал, 200 гектар жердің әрбір гектарынан 35 центнер өнім алынды.

Бригада мүшелері қол жеткен табысқа масаттанбайды. Олар табысқа табыс қосуды өздерінің дәстүрлі ісіне айналдыр-

ды. Біз үстіміздегі жылы 15 аттық күші бар әрбір трактормен 800 гектар жер жұмыстауға, 50 центнер жанар, жағар майын үнемдеуге, бригада жұмыстаған егіндік участоктің әрбір гектарынан 16 центнерден өнім алуға міндеттеніп отырмыз.

СОКП Орталық Комитетінің еліміздің барлық сайлаушыларына арнаған Үндеуі бригада мүшелері арасында зор әрлеу туғызып отыр. Олар көктемгі егіске әзірлік жұмыстарының қарқынын еселеп арттырды, сапасын күшейтті. Біз ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күніне дейін көктемгі егіске әзірлікті —тракторлар мен тіркеу саймандарын жөндеуді сапалы аяқтап, партияның шақыруына нақтылы іспен жауап береміз.

Т. БИЗЮК,
Булаев МТС-нің трактор бригадасының бригадирі.

Іспен жауап береді

Булаев ауданы, Чистов астық совхозының жұмысшылары мен қызметкерлері Совет Одағы Коммунистік партиясының барлық сайлаушыларға Үндеуін зор саяси әрлеу үстінде қарсы алды. Жұмыс күні аяқталғаннан кейін совхоз жұмысшылары жөндеу мастерскойына жыйналды. Мастерской меңгерушісі коммунист Г. Честериков жолдас жыйналғандарды СОКП Орталық Комитетінің Үндеуімен таныстырды.

—СОКП-ның Үндеуін, —деді ұста Г. Ермаков жолдас, —біздің коллектив

қамқорлық жасап отыр. Партияның бұл қамқорлығына сменалық нормамды үнемі 200 проценттен орындаумен жауап береміз.

Бұдан кейін сөз сөйлеген тоқарь И. Герцен, тоқарь-фрезировщик А. Каиров жолдасар Үндеуді зор құанышпен қарсы алғандықтарын білдірді. Сайлау құрметіне Герцен екі норма, сол сыяқты, Каиров сменалық тапсырмасын 150 процент орындауға міндеттенді. Совхоздың басқа жұмысшылары да бірінен соң бірі

Біздің колхозшылар жабайы азық булағышты қалай жасады

★
С. СИБГАТУЛЛИН,
«Путь Ильича» колхозының председателі, агроном

Қазақстан Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінің «Республиканың колхоздары мен совхоздарында 1953—1954 жылдардың күзгі-қысқы маусымында сыйырдың сүт өнімділігін арттыру және сүттің товарлы шығымдылығын молайту шаралары туралы» қаулысында колхоздар мен совхоздарда күзгі-қысқы маусымда сауын сыйырды мерзімінен бұрын жаппай суалту практикасын теріс және зиянды деп атап көрсетті. Қысқы маусымда малдың қондылығын, өнімділігін кемітпеу үшін оларды құнарлы азықпен азықтандырудың, барлық сабан-топан мен ірі сабақты пішенді малға ұсақтап, концентраттармен араастырып берудің дұрыс ұйымдастырылуын партия, совет ұйымдарына, МТС-тер мен колхоздардың басшыларына міндеттеді.

Біз бұл міндетті орындау үшін қолда бар мал азығының барлық түрін түгел есепке алып, оларды жұмсауды нормалаумен бірге сабан мен топанды малға алдын ала әзірлеп берудің шараларын қарастырдық. Бұл кезде сатып ала қоятын завод дайындап шығарған азық булағыштар болмады. Оның келуін күтіп отыру көп уақытты керек ететін болды. Ал, уақытты бұлай өткізуге болмайды. Міне, сондықтан да бізге азық булағышты өзіміздің жасауымызға тура келді.

Біз бұл жөнінде «Колхозное производство» журналының 1952 жылғы декабрьдегі номерінде жарияланған инженер Князевтің «Жабайы азық булағыш» деген мақаласында ұсынылған азық булағыштың схемасын пайдаландық. Схема бойынша азық булағышты қалай жасау керек екені жөнінде бұл жұмысқа бөлінген үш колхозшыға нұсқау берілді және оны жасаудың басықасында өзіміз болдық.

Сөйтіп, небары үш күн ішінде сыйыр фермасында жабайы азық булағыш жас-

салып та болды. Бұл булағыштың азық буландыруға пайдалануға өте қолайлылығы біздің күткенімізден анағұрлым жақсы болып шықты. Онымен екі сменалық жұмыста тәулігіне 2000—2500 килограмға дейін туралған сабанды буландыруға болады. Ал, мұның өзі тәулік ішінде 120—150 бас малды азықтандыруға жетеді.

Жабайы азық булағышты біздің облыстың барлық колхоздарында да жасауға болады. Ол үшін ұзындығы 70 сантиметр кішкене бағананы жерге мықтап орнату керек. Оның төменгі жағының диаметрін 50 сантиметр, жоғары жағының диаметрін 25 сантиметр етіп конус формасына келтіру керек. Содан кейін ұзындығы 8 метр, диаметрі 38 миллиметр темір түтік алып, оның бір жақ ұшын әлгі бағанға орап 5 қатар етіп бұрау керек. Сөйтіп, конус формалы бес қатарлы бұранда пайда болады. Бұл бу жасайтын түтік болады. Түтіктің екінші ұшын сыйымдылығы 8—10 шелектік су құйылатын темір бактің түбіне енгізе орнату керек. Ал, бұрандалы басын, бұранданың жіңішке жағын жоғары қаратып, оттың жалыны жақсы шарпигандай етіп, пештің ішіне орналастыру дұрыс. Түтіктің екінші басы туралған сабан толтырылатын жәшіктің түбіне орнатылады. Бұл түтіктің дәл бактің үстінен өтетін жерінен тесіп, ол тесікке бір басы бактің ішіне қарай салбырап тұратын кішкене түтікше орнатылады, ал, одан бакке қарай 60 сантиметр жеріне жәшікке баратын бұды тоқтатып қоятын қран жасалады.

Бакке құйғанда, одан түтікке баратын

су түтік бұрандасының төменнен сантанда төртіншісінде тұруы керек. Ал, жоғарғы бір бұранда, бу жасау үшін бос тұруы қажет. Мұны дұрыс сақтау үшін пешті салмас бұрын есептеп қою керек.

Туралған сабан салынатын жәшіктің ұзындығын 2 метр, көлденеңін 1 метр және биіктігін 1 метр етіп жасау қажет. Жәшіктің бір жағының түбінен түтік енетін тесік жасалады. Жәшіктің ішкі жақ түбіне бу жүретін жырақа жасалады. Бұл түтік арқылы келген бұдын жәшіктің түбіне түгел жайылуы үшін қажет.

Жәшік үлкен шанабабанға отырғызылады. Бұл буландырылған сабанды, жәшіктің қақпағын ашпастан кәлікпен мал қорасына сүйретіп апаруға қолайлы жағдай жасайды.

Буланатын сабанды жәшікке саларда алдымен оны турап және кебек, немесе зрна ұнын араластырған дұрыс. Онымен бірге 3—4 шелек суға ерітілген 2 килограмм тұз ертіңдісін құйып, жақсылап араластыру керек. Сабанды құрғақ калпында булауға болмайды.

Жоғарыда айтылғандай етіп буландырылған сабанды сыйырларға тәулік бойына берілетін пішеннің мөлшерімен бірдей мөлшерде беруге болады. Біз жабайы азық булағышты пайдаланудың нәтижесінде, кәзір күн сайын 6—8 центнерге дейін пешті үнемдеп келеміз. Ал, сауын сыйырлар құнарлылығының едәуір артқандығы байқалады.

Полудень аудандық партия комитеті жақында өткен бюро мәжілістерінің бірінде малға азықты алдын ала әзірлеп берудің және сыйырдың сүттілігін арттырудың жайы туралы менің баяндамамды тыңдап, жабайы азық булағышты жасау жөніндегі біздің тәжірибемізді қамтуындағы барлық колхоздарға тарауды МТС директорларына тапсырды.

Колхоз шаруашылығын жан-жақты өркендетіміз

★
И. ЧИБАСОВ,

Мамлют ауданы, Чкалов атындағы колхоздың председателі.

Партия мен үкметіміз колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайтуда және колхозшылардың әл-ауқат мәдени-тұрмыс дәрежесін барған сайын жақсартуда күнбе-күн қамқорлық жасап келеді. Сол қамқорлықтың бірі — СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысы біздің колхоздың колхозшылары партиямыздың бұл қаулысын мұқият жүзеге асыра отырып, өткен жылы ауылшаруашылық жұмыстарында елеулі табыстарға ие болды. Колхозшылар аудан колхоздары үшін жаздық бидайдың, сұлының, арпаның, картоптың сортты тұқымдарын көптеп өсірді. Өйткені, біздің колхоз аудандағы тұқым өсіретін

рін көрсетті. Колхоз жылқышысы Адаев жолдасының еңбегі ерекше көзге түсті. Оның қажырлы еңбегі колхозда жылқы өсірудің өткен жылғы жоспарының 112 процент орындалуына мүмкіндік берді.

1953 жылы 1952 жылғыдан сыйырлардың сүттілігі 16,6 процент, қойлардың жүнділігі 12 процент артты. Колхоз мемлекетке ет, сүт, тапсыру жөніндегі

хозда стандартты мал қораларының салынуына жете назар аударатын болады.

Осы сыяқты бұл жылы колхозда электр станциясы жұмыс істейді. Мұның өзі, әсіресе, фермалардағы және астық қоймаларындағы еңбекті көп қажет ететін жұмыстарды механикаландыруға қолайлы жағдай жасайды.

Колхоздың экономикалық шаруашылығының нығая түсуі — колхозшылардың әл-ауқат мәдени-тұрмыс дәрежесінің барған сайын жақсара түсуінің қайнар көзі. Кәзір колхозшыларымыздың тұрмысы мәдениетті өрі аukatты. Колхозшылардың табысы өткен жылы 1952 жылғыдан едәуір ұлғайды. Бұл тың қолжарналар

В. М. Молотовтың Дж. Даллеспен кездесуі

БЕРЛИН, 13 февраль. (СОТА). ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов бүгін АҚШ-тың Мемлекеттік секретары Дж. Даллес мырзамен өңгімелесті.

Президент Эйзенхауэрдің 8 декабрінде сөйлеген сөзіне және Совет Үкметінің өткен жылғы 21 декабрьдегі мәлідемесіне байланысты атом қуатын пайдалану туралы мәселе бойынша келіссөздердің төртіншісі жөнінде кезекті пікір алысу болды.

ССРО МЕН ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ДОСТЫҚ, ОДАҚ ЖӘНЕ ӨЗАРА КӨМЕК ТУРАЛЫ ДОГОВОРҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛУЫНЫҢ ТӨРТ ЖЫЛДЫҒЫН ҚЫТАЙ ХАЛҚЫ АТАП ӨТУДЕ

ПЕКИН, 13 февраль. (СОТА). Қытайдың кәсіпорындарында, мекемелерінде, оқу орындарында және селолық аудандарында ССРО мен Қытай Халық Республикасы арасындағы достық, одақ және өзара көмек туралы договордың төрт жылдығына арналған жыйналыстар, өңгімелер және кештер өткізілуде. Қытай-совет достығы қоғамының бөлімдері өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, ғылым мен мәдениет саласындағы совет халқының табыстарын бейнелейтін сурет көрмелерін ұйымдастырды.

Бүгін договорға қол қоюдың төрт жылдығымен байланысты қытай-совет достығы қоғамының Пекин бөлімі және Шенелдермен мәдениет байланысы Бүкілодақтық қоғамының Қытайдағы өкілдігі қытай-совет достығына арналған кеш ұйымдастырды. Кешті қытай-совет достығы қоғамы Пекин бөлімінің бас секретары Цзэн Пин ашты. ССРО мен Қытай Халық Республикасы арасындағы достық, одақ және өзара көмек туралы договорға қол қоюдың төрт жылдығына арнап Пекин мәрнінің орындары У Хань қысқаша сөз сөйледі.

Кеште ССРО-ның Қытай Халық Республикасындағы елшілігінің кеңесшісі Я. М. Ломакін сөйледі.

Кешке қатысушылар ССРО мен Қытай Халық Республикасы арасындағы достық, одақ және өзара көмек туралы договорға Москвада қол қойылуы туралы, қытай-совет достығы қоғамы делегациясының және басқаларының ССРО-да болуы туралы қысқа метражды фильмдер көрді.

Кеш қытай жастарының көркемөнерпаздар коллективтерінің концертінмен аяқталды.

АҚШ-тағы ЖҰМЫССЫЗДЫҚ
НЬО-ИОРК, 12 февраль. (СОТА). Нью-Йорк газеттері АҚШ-тың еңбек министрлігінің хабарын жариялады. 6 февральда аяқталған бір аптаның ішіндегі жұмыссыздық бойынша көмек алу

қуанышпен қарсы алды. Біз сайлау күні коммунистер мен партияда жоқтардың блогі ұсынған кандидаттарға бірқисімдей дауыс береміз. Коммунистік партия совет халқының мәдени-тұрмыс дәрежесінің жақсаруы үшін күнбе-күн туысқандық

Зор қанағаттанғандық сезіммен

Қаладағы «Ударник» кинотеатрының коллективі Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің барлық сайлаушыларға арнаған Үндеуін зор қанағаттанғандық сезіммен қарсы алды.

— Коммунистік партия мен Совет Үкметі халықтың материалдық әл-ауқат дәрежесін барған сайын арттыру және олардың мәдени қажетін толық қанағаттандыру шараларын үздіксіз жүзеге асыруда, — дейді кинотеатрдың аға киномеханигі Н. Пронин жолдас, — біздің кино театр — қаладағы ірі мәдениет орталықтарының бірі. Еңбекшілерді мәдениетті қамту — біздер үшін басты міндет. Мен барлық коллективті Үндеуге жауап ретінде,

Салмағы арттырылған поездар

Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің барлық сайлаушыларға арнаған Үндеуі Петропавл станциясы коллективінің арасынан зор қолдау тапты. Коллектив социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, еңбек өнімділігін еселеп арттыруға, поездарды құрастыру, жөнелту ісін тездетуге міндеттенді.

Станция коллективі ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы құрметіне және СОКП Орталық Комитетінің Үндеуіне жауап беру үшін еңбек вахтасына тұрып, айтарлықтай өндірістік табыстарға жетті. Ондаған поездарды ауыр салмақпен мезгілінде жөнелтті. Бұл жөнінде сайлау құрметіне еңбек вахтасына тұрып, көтеріңкі міндеттеме алған Кривоногов жолдас басқарған диспетчерлер сменасы еңбектің тамаша үлгілерін көрсетіп жүр. Оның сменасы кәзірдің өзінде салмағы арттырылған 12 поезде жөнелтті.

Осы сияқты, Байдосов және Дмитриев жолдасар басқарған сменалар да поездарды жөнелтуде мінсіз еңбек етіп келеді. Бұл сменалардың коллективтері ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы құрметіндегі социалистік жарысқа қызу ұштасып, жоғары көрсеткіштерге ие болды. Олар 30-ға жуық поезддың салмағын арттырып оларды график бойынша кезінде жөнелтіп отырды.

Поездардың салмағын арттырып, мезгілімен жөнелту жолындағы социалистік жарыс станцияда барған сайын кең өріс алуда. Бұл өзінің игілі нәтижелерін беруге.

Е. ОСПАНОВ.

шығын сөйлеп, Коммунистік партия мен Совет Үкметіне шын жүректен алғыс айтып, көтеріңкі міндеттемелер алды.

Б. ЖАҚЫПОВ,
(өз тілішіміз).

кино көрсету сапасын бұрынғыдан да жақсартып, кино көрушілерді мәдениетті қамтуға шақырамын.

ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы құрметіндегі социалистік жарысқа қосылған кинотеатр коллективі январь айының жоспарын 123 процент етіп орындаған болатын. Коллектив тағы да кино көрсету сапасын жақсартуға, кино көрушілерді мәдениетті қамтуға және февраль айының жоспарын асыра орындауға міндеттенді.

Н. КВАРТИРКО,
«Ударник» кинотеатрының директоры.

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысы ауыл шаруашылығында төзгісіз артта қалушылықты шұғыл жойып, таяудағы екі-үш жылдың ішінде халқымыз үшін азық-түлік, ал, жеңіл өнеркәсіп үшін шикізат молшылығын жасаудың нақтылы программасын белгілеп берді. Бұл тарихи қаулыны ойдағыдай іс жүзіне асыруда тың және тыңайтылған жерлерді игерудің зор маңызы бар. Облыстың көптеген колхоздары тың және тыңайтылған жерлерге деркесінде егілген дақылдардан мол өнім жыйналатындығын өздерінің өткен жылдардағы іс тәжірибелерінен айқын көріп отыр.

Мәселен, Октябрь ауданындағы «Заря коммунизма», Приемін ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы», Киров атындағы колхоздардың 1953 жылы тың жерлерге егілген жаздық бидайдан алған өнімі бұрыннан пайдаланылып келген участоктерге егілген жаздық бидайдан алынған өнімнен әлде қайда артық болды.

Алайда, облыстың МТС, колхоздарының басшылары мен ауыл шаруашылығы мамандарының барлығы бірдей бұл мәселеге жете назар аударып отырған жоқ. Октябрь ауданындағы «Гигант» колхозы бұрыннан пайдаланылып келген егіс участоктеріне 3—4 жыл бойы жаздық бидай егіп келеді. Одан жыл сайын өнім өте аз алынуда. Ал, осы колхоздың 11 мың гектар тың және тыңайтылған жері бар. Бұл жерлер бірнеше жыл пайдаланылмай жатыр. Мұндай фактілерді осы аудандағы Чапаев атындағы, «Путь к коммунизму» колхоздарынан да кездестіруге болады.

Быйылғы жылы облыстың МТС және колхоздары алдында мыңдаған гектар тың және тыңайтылған жерлерді игеру жөнінде аса жауапты міндеттер тұр. Бұл сияқты күрделі міндеттерді орындау МТС, колхоз басшыларынан, ауылшаруашылық мамандарынан, колхозшылар мен механизаторлардан көптеген маңызды шараларды іске асыруды та-

міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындап, сауда орындарына 190 центнер сүт сатты.

Алайда, мал шаруашылығын өркендетуде әлі де болса елеулі кемшіліктер бар. Біз әлі күнге дейін стандартты мал қораларын салу жұмысына ерекше назар аудармай келеміз. Фермаларды өнімді мол беретін малмен толықтыру ісі қанағаттанғысыз.

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысы жарыққа шыққаннан кейін колхозшылар колхозда мал санын көбейтумен бірге, оның өнімін арттырудың бірқатар шараларын белгілеп, оны жүзеге асыруға барлық күш-мүмкіншіліктерді пайдалануда.

Өткен жылы мал шаруашылығынан колхозға ақшалай 335 мың 176 сом табыс енді. Осының нәтижесінде колхозымыздың барлық табысы 1 миллион сомнан асты. Кәзір колхоздың бөлінбейтін қорының мөлшері 300 мың сомға жетіп отыр. Колхоз басқармасы, сондай-ақ, колхозшылар үстіміздегі жылдан бастап кол-

Тың жерлерді игеруге ойдағыдай дайындалайық

лап етеді. Кәзірден бастап, тың және тыңайтылған жерлерді таңдап алуға кірісіп, оларды игеруге әзірлеу ісін жақын арада аяқтау қажет. Үстіміздегі жылдың көктемгі егісі үшін ең алдымен ауыспалы егіс алаңындағы тың және тыңайтылған жерлерді таңдап алу қажет. Егер ауыспалы егіс далаларында тың және тыңайтылған жерлер болмаса онда оны басқа жерлерден таңдап алу керек.

Жаңа жерді таңдап алу жөнінде машина-трактор станцияларында арнаулы комиссия құрылып, оның құрамына МТС-тің агрономы мен жерге орналастырушысы, колхоз председателі, трактор және дала бригадаларының бригадирлері енгізілуі қажет. Жаңа жерлерді іріктеп алу ісіне колхоз активтері де қатыстырылуға тиіс. Жаңа жерді таңдау және игеруге техникалық басшылық жасау, документтерді реттеу аудандық аға жерге орналастырушы мен МТС директорына жүктелетін міндет.

Тың және тыңайтылған жерді игеру үшін облыстың машина-трактор станцияларына быйылғы жылы көптеген қуатты тракторлар және тіркеу саймандары беріледі. Сол бай техниканың қуатын дұрыс және өнімді пайдалану мақсатымен МТС-терде арнаулы трактор отрядтары ұйымдастырылады. Мұндай отрядты агроном және оның көмекшісі инженер-механик басқаруға тиіс.

Әрбір отрядта көшпелі жөндеу мастерскойы болады. Олар қосалқы бөлшектермен жеткілікті мөлшерде жабдықталуы керек. Барлық трактор бригадалары «Урожай», «МБ-19» маркалы радиостанциялары арқылы отрядпен үздіксіз байланыс жасайды. Сол сияқты, тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарды тех-

никалық күтімде ұстауға, жөндеуден өткізуге МТС басшылары тарапынан бақылау жасалып отыруға тиіс.

Машина-трактор паркін жаңа жерді игеруге маман механизатор кадрларды дұрыс іріктеп алғанда ғана жоғары өнімді пайдалануға болады. Сондықтан отряд басшылары, трактор бригадаларының бригадирлері, механиктері және олардың көмекшілері қызметіне тәжірибесі бар мамандар мен механизаторлар тағайындалуы болуы қажет. Жаңа трактор бригадаларының құрамы бұрын дизельді тракторларды жүргізген, бұл машинаның құрылысын білетін тракторшылар, механикация училищесін, МТС жанындағы арнаулы курстарды бітірген тракторшылармен толықтырылуы керек. Тіркеушілер мен есепші-май құюшылар да өз істерін жақсы білетін адамдардан болғаны жөн.

Алдыңғы қатарлы колхоздар мен МТС-тердің жылма-жылғы іс-тәжірибелері тракторшылардың жұмыс жоспарын орындауы, олардың колхозшылармен ынталықтаса іс жүргізулеріне де тығыз байланысты екендігін дәлелдеп келеді. Сондықтан, трактор және дала бригадаларының бригадирлері өндірістік мәселелерді бірлесіп отырып, шешуге, жұмысты ынталықтаса істеуге жетісулері керек.

МТС, колхоз, селолық Совет басшылары тракторлар мен дала бригадаларының өнімді еңбек етулері үшін мәдени-тұрмыстық жағдай жасауы қажет. Жаңа жер участоктеріне дала жұмыстары басталмастан бұрын-ақ дала қосы, ас үйі жабдықталатын болуы керек. Дала қостарында машиналарды, жағар және жанар майларды, майлау материалдарын сақтайтын құрылыс орындарын салуды да тезінен ұйымдастыру қажет.

Жаңа жерді игеруде тұқымдық дәннің

қазынасына қол жеткізу керек. Колхозшылардың әрбір еңбеккүніне 3 сом ақша беріледі. Колхозшы Михайлов жолдастың семьясы еңбеккүндеріне 600 пұттан астам астық, 5 мың сомдай ақша алды.

Колхоз басқармасы үстіміздегі жылы колхоздың экономикалық шаруашылығын өткен жылғыдан едәуір ұлғайтуды жоспарлап отыр. Быйыл егіс көлемі ұлғайтылып, колхозда тың және көп жыл бос жатқан жерлерді егіс алаңына пайдалану проблемасы шешіледі. Мал өсірудің жоспары 1 октябрге дейін толық орындалады. Мал азығының берік базасын жасау үшін біржылдық, көпжылдық екпе шөптер егісінің көлемін ұлғайтамыз. Мал азығының қызылша егісін кең өрістетуге көзделді.

Кәзір еліміздің барлық еңбекшілері сыяқты біздің колхоздың колхозшылары да ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын өндірістік табыстармен қарсы алу жолындағы социалистік жарысты өрістете түсуде. Бізде мал қыстату, егіске әзірлік ұйымдасқан түрде өтуде.

Әзірлеудің ерекше маңызы бар. Тұқымдық дәннің шығымдылық дәрежесіне жеткізу кезек күтірмейтін міндеттің бірі. Әрбір колхозда тұқымдық дәннің мөлшері және оның себуге жарамдылығы осы бастан анықталуы керек.

Егіс алаңын тың және тыңайтылған жер есебінен ұлғайту МТС пен колхоздардан көп күш жұмсауды талап етеді. МТС, колхоз басшылары, ауылшаруашылық мамандары колхозшылар мен механизаторлар арасында жаңа жерді игеру мақсатын түсіндіріп, оларды бұл аса маңызды міндетті жүзеге асыруға жұмылдырулары қажет.

Халқымыздың үздіксіз өсіп отырған материалдық қажеттерін барынша толық қанағаттандыруда елімізде шаруашылықтың жаңа жер сыяқты пайдаланылмай жатқан резервтерін іске қосудың зор маңызы бар. Сондықтан да МТС басшылары мен ауыл шаруашылығы мамандары бұл істе ұйымдастырушылық роль атқаруға тиіс.

Бұл күндері облыстың ауылшаруашылық қызметкерлері партия мен үкметтің колхоз және совхоз өндірісін оған әрі өркендету туралы қаулысын жүзеге асыру күресінде аябай еңбек етуде. Ауыл шаруашылығының негізгі саласы — астық шаруашылығы болып табылады. Бұл шаруашылықты шұғыл өркендетуде егіс алаңын тың және тыңайтылған жер есебінен ұлғайтудың аса зор маңызы бар екені өзінен-өзі түсінікті. Сондықтан да аудан, колхоз, совхоз басшылары мен МТС қызметкерлері тың және тыңайтылған жерді игеруге жете назар аударып, бұл іске әрбір МТС-тің, колхоздың, совхоздың осы бастан тыңғылықты әзірленуін қамтамасыз етуге міндетті.

Я. САЛЕНКО.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің жер шаруашылығы басқармасының бастығы.

Қазақстандағы берген жұмыссыздардың саны 364.400 болған. Бұл өткен жылғыдан 82 процент артық.

Еңбек министрлігінің хабарынан анықталып отырғаныдай, елде металлургия, автомобиль, көмір кәсіпорындарынан және құрылыс өнеркәсібінен, транспорт құрал-жабдықтарына жасайтын кәсіпорындардан, сол сияқты, жеңіл өнеркәсібінің бірнеше тарауларынан, соның ішінде тоқыма, аяқ киім, мебель және басқаларынан жұмысшыларды жұмыстан шығару әлі тәттылған жоқ.

КОРЕЯДАҒЫ УАҚЫТПА БІТІМДІ БОЛДЫРМАУҒА ӘРЕКЕТТЕНУ

ШАНХАЙ, 11 февраль. (СОТА).

Сеулден алынған хабарға қарағанда, Ли Сын Ман Ассошиэтед Пресс агенттігі тілшісіне берген түсінігінде, ол «соғысты қайтадан жүргізуге батылдығының жеткілікті екендігін» мәлімдеп, «қажет болса», американдардың нұсқауын күтпей-ақ соғысқа кірісетіндігін ескерткен.

Ли Сын Ман өзінің соғыс қыймылдарын қашан басайтындығын айтпаса да: «Уақыт тез өтіп барады. Біз тез қыймылдауға тиіспіз не өлеміз» деген. «Мен қорқытпаймын. Кәзір маған мақтануға уақыт жоқ» деген сөздерді бірнеше рет қайталаған.

Редактордың орынбасары
Ғ. НҰРМОЛДИН.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«АЛБАНИЯНЫҢ ҰЛЫ
ЖАУЫНГЕРІ СКАНДЕРБЕК»

Сеанстар сағат 4-45, 6-45 те басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«РЕТО МЕН КОТЭ»

Сеанстар сағат 6,20-8,20-10,20-дә басталады.

Облыстың финансы бөлімі ССРО Финансы Министрлігінің нұсқауына сәйкес, штаттық расписаниялар мен өкімшілік шаруашылық шығыстары сметасын тіркеудің ең соңғы мерзімі 1954 жылдың 1 апреліне дейін екендігін облыстың барлық мекемелері, кәсіпорындары, ұйымдары басшыларының есіне салады.

Финансы органдары 1954 жылдың штаттық расписаниялары мен өкімшілік шаруашылық шығыстары сметасын тіркеуге кірісті.

Барлық кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар штаттық расписаниялар мен өкімшілік шаруашылық шығыстары сметасының аудандық қалалық финансы бөлімдері белгілеген күндері тіркеуден өткізілуін қамтамасыз етуге тиіс.

Солтүстік Қазақстан облыстық финансы бөлімі.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.